

**Ұйғыр ауданының ауылдық жерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт ұйымдарының қызметкерлеріне отын сатып алу үшін біржолғы әлеуметтік көмек беру туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2009 жылғы 5 тамыздағы N 25-3 шешімі. Алматы облысының әділет департаменті Ұйғыр ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 27 тамызда N 2-19-82 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2010 жылғы 05 ақпандағы N 31-6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2010.02.05 N 31-6 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 23.01.2001 жылғы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағы 15-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 08.07.2005 жылғы "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ұйғыр ауданының ауылдық жерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт ұйымдарының қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен отын сатып алуға 5 айлық көрсеткіш мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек төленсін.

2. Аудандық қаржы бөлімі әлеуметтік көмектің қаржыландырылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі әлеуметтік көмектің төленуін қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Деменбаев Даулетжан Модинұлына жүктелсін.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т  
сессиясының төрағасы Д. Бектемисова

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т  
хатшысының м.а. А. Сеитов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК